

**А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті
КОСТАНАЙСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ А.БАЙТҰРСЫНОВА
KOSTANAY REGIONAL UNIVERSITY NAMED AFTER A.BAITURSYNOV**



**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ КАТАЛОГЫ
(MINOR).**

**КАТАЛОГ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ
(MINOR)**

**CATALOGUE OF ADDITIONAL
EDUCATIONAL PROGRAMS
(MINOR)**

Қостанай, 2021

А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ-дың оқу-әдістемелік кеңес отырысында бекітілді, 21.04.2021 ж. №4 хаттама

Утвержден на заседании учебно-методического совета КРУ имени А.Байтұрсынова, протокол от 21.04.2021 г. №4

Published by decision educational and methodical council of the Kostanay regional university named after A. Baitursynov (Protocol №4 from 21.04.2021)

Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)

Minor (Минор) қосымша білім беру бағдарламасы – білім алушыларға қосымша құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында анықталған пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлерінің жиынтығы (Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары ҚР БҒМ 12.10.2018ж № 563 бұйрығы)

Білім алушы жеке оқу траекториясын анықтау кезінде ЖОО компоненті және таңдау компоненті шеңберінде:

1) негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді;

2) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдайды. (Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №563 31т.).

Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау мен игеру тәртібі аралас және бейіндік ББ бойынша қосымша құзыреттерді алу, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады. (Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №563 32т.).

Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша таңдалған пәндердің көлемін ЖОО өзі белгілейді. Бұл ретте қосымша ББ пәндерін білім алушылар ТК және ҚТ шеңберінде оқиды және олардың көлемі негізгі операциялық жүйе бойынша тиісті дәрежені немесе біліктілікті беру үшін қажетті кредиттердің жалпы көлеміне кіреді. (Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары ҚР БҒМ 12.10.2018ж № 563 бұйрығы 34т.)

Major-ден (Мажор) айырмашылығы (негізгі құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында білім алушыларға анықталған білім беру бағдарламасы), Minor (Минор) - бұл студент үшін бейінсіз үш өзара байланысты пәндерден тұратын блок.

Minor бакалавриаттың бірінші курсының соңында барлық студенттерге таңдау үшін ұсынылады. Әрбір білім алушы оқу үшін бір Minor таңдауға міндетті. Minor бакалавриаттың екінші және үшінші курстарында оқытылады.

Minor ерекшеліктері:

- бакалавриаттың екінші және үшінші курстарында оқиды;
- жүйелі түрде оқитын үш пәннен тұрады;
- 15 кредит еңбек сыйымдылығы (әр пәннің еңбек сыйымдылығы-5 кредит);
- еңбек сыйымдылығы білім беру бағдарламасының негізгі бөлігіне кіреді (**Minor** пәндері үшін кредиттер негізгі бағдарламаның 240 кредитіне кіреді);
- әр білім беру бағдарламасының студенті жалпы пулдан өз бетінше таңдайды;
- **Minor** пәндері бір уақытта өткізіледі: кестеде оларға нақты сабақ күні беріледі.

ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ

Тойымбетова Динара Серикбаевна, аға оқытушы, педагогикалық ғылымдарының магистрі

Курстың қысқаша сипаттамасы Қазіргі шындықтың ерекшелігі - қоғамда болып жатқан процестердің динамизм және стандартты емес болуы, қарым-қатынастың және іс-әрекеттің жаңа сипаттына ие болуы. Қазіргі өмір үнемі адамның алдына кәсіби және жеке мәселелерді қояды, оларды психологиялық білімсіз түсіну және түзету мүмкін емес. Мәселелер бір-бірімен тығыз байланыста болады және адам қарама-қайшылықты өмірлік жағдайлардан шығудың жолын іздейді, оның жолында туындайтын қақтығыстарды шешуге тырысады. Осындай өмірлік жағдайларды тиімді шешудің жолы - өзіннің және басқалардың мінез - құлқын талдау, өз іс-әрекетінің салдарын және басқа адамдармен қатынасының салдарын болжау, өзіннің мінез-құлқын, эмоцияларын, қарым-қатынастарын басқару дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Мұның бәрі психологияны гуманитарлық білімнің алдыңғы қатарына шығарады.

Мақсаты: адам өмірінің әртүрлі салаларында денсаулық сақтау ортасын ұйымдастыру үшін студенттердің негізгі дағдылары мен ептіліктерің дамытуға ықпал ету.

Қалыптастырылатын негізгі құзыреттіліктер:

- жеке және оқу іс-әрекетінде психикалық өзін-өзі реттеудің негізгі дағдыларды, жанжалды жағдайларды шешу дағдыларды, психикалық денсаулықты сақтаудың және тұлғааралық қатынастардың негізгі дағдыларды практикада қолдана білу;
- практикада психологиялық ғылымның принциптері мен жетістіктерін қолдана отырып, тиімді өзара іс-әрекет жасауға қабілеттілігі;
- жеке тұлғаның психикалық дамуының жеке траекториясын, оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, конфликтогендік білім беру ортасында практикалық мәселелерді шешудің қолайлы әдістерін таңдап, қолдана білу.

Оқыту нәтижелері:

- Қолданбалы психологияның негізгі категорияларын, принциптерін, заңдылықтарын және заманауи теорияларын сипаттау.
- Жеке жоспарда және әлеуметтік қатынастар жүйесінде жеке тұлғаның физикалық, психофизиологиялық және әлеуметтік даму факторларын, шарттарын және үдерістерісін анықтау.
- Тұлғаның жастық, гендерлік, этникалық, кәсіби және басқа да әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, дисгармониялық дамуының себептері мен салдарларына, оның тұлғааралық қарым-қатынастың бұзылуына талдау жүргізу.
- Басқа адамдармен конструктивті өзара әрекеттесу стратегияларын әзірлеу, оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарының жүйесі негізінде медиативті процесті жобалау;
- Тұлғааралық, отбасылық, гендерлік тәрбие мәселелері бойынша ағарту жұмыстарын жүргізу.
- Девиантты мінез-құлқы бар адамдарға мүмкін болатын психологиялық қолдау көрсету, топтағы қақтығыстардың алдын алу үшін сыныпта тиісті психологиялық климатты құру.
- Өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру процесінде өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін бағалау.

Minor курсы:

- Отбасылық қатынастар психологиясы
- Гендерлік психология
- Девиантты мінез-құлық психологиясы
- Мектеп медиациясы

Еңбек сыйымдылығы: 20 кредит

Пререквизиттер: жалпы психология

Тыңдаушылардың ең аз саны: 15

Тыңдаушылардың ең көп саны: 500

Курс туралы

"Қолданбалы психология" курсы білім беру саласының мамандарына практикалық жұмыс және оқушылардың әр түрлі санаттарымен және олардың ата-аналарымен өзара әрекеттесу мәселелерінде әдістемелік және практикалық көмек көрсетуге арналған. Курста "қиын балалармен" жұмыс жасаудың ерекшелігі, отбасымен жұмыс істеудің ерекшеліктері, баланы тәрбиелеу мен оқытудағы гендерлік ерекшеліктерді ескерудің маңыздылығы мен қажеттілігі айқын көрінеді.

Білім беру жүйесінде болып жатқан процестердің динамикасына және білім алшылар мен мұғалімдерге қойылатын жоғары талаптарға байланысты және тұлғааралық қақтығыстардың артуына байланысты жанжалдардың алдын алу немесе оларды шешу бойынша білім мен дағдыларға деген сұраныс артады. Бұл оқу курсына мектеп медиациясының заманауи нысандары мен құралдарын қолдана отырып, мектеп ортасындағы жанжалды жағдайларды шешу дағдылары пысықталады. Бұл курс отбасында, қарым-қатынаста және мінез-құлықта қиындықтары бар балалармен, әр балаға жеке көзқарас табуды үйренгісі келетіндерге пайдалы болады.

Оқытушылар:

Демисенова Ш.С - педагогикалық ғылымдарының кандидаты, педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Психология семейной жизни», «Этнопсихология», «Психология и психотерапия семьи», «Работа психолога в организациях», «Практическая психология в системе образования» және басқа да пәндер бойынша бакалаврларға және магистранттарға дәріс, практикалық сабақтады жүргізеді.

Бәсекелестік артықшылықтары: бала-ата-аналық қатынастарын түзету мәселелері бойынша ата-аналармен және балалармен білім беру жүйесінде тәжірибесі бар, білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерімен көп жылдық ынтымақтастық тәжірибесі, әдістемелік жұмыстың тәжірибесі, білім беру бағдарламаларын әзірлеу саласындағы сарапшы.

Калиниченко О.В. - педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, психология магистрі, «Психология и развитие человека», «Гендерная психология» «Психолого-педагогическая диагностика личности» басқа да пәндер бойынша бакалаврларға дәріс, практикалық сабақтады жүргізеді.

Бәсекелестік артықшылықтары: гендерлік психология саласындағы маман, психологиялық диагностика саласында дамыған аналитикалық дағдылары бар; онлайн-тренингтер ұйымдастыру және өткізу; пандемия кезінде студенттер мен қызметкерлерге психологиялық қолдау көрсету тәжірибесі; «Гендерная психология» электрондық оқу құралын әзірлеушісі; академиялық дайындық процесінде студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы маманы; "Педагогика және психология" және "Психология" мамандықтары бойынша дәрістерді оқу және практикалық сабақтар өткізу тәжірибесі.

Назмутдинов Р.А. - психологиялық ғылымдарының кандидаты, педагогика және психология кафедрасының доценті, «Психология семейной жизни», «Социальная психология», «Психология управления», «Психология и педагогика социализации личности», «Девиянтная психология» басқа да пәндер бойынша бакалаврларға және магистранттарға дәріс, практикалық сабақтады жүргізеді.

Бәсекелестік артықшылықтары: әлеуметтік қатынастар саласындағы зерттеу жұмысының көп жылдық тәжірибесі, девиантты балалармен жұмыс жасау жөніндегі ұйымдармен ынтымақтастықтың үлкен практикалық тәжірибесі, девиантты зерттеулер бойынша ғылыми жұмыстардың авторы.

Бисембаева А.К. - педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, педагогикалық ғылымдарының магистрі, «Практическая психология», «Конфликтология», «Основы школьной медиации» «Психологическое консультирование», «Трансактивный анализ»

басқа да пәндер бойынша бакалаврларға және магистранттарға дәріс, практикалық сабақтады жүргізеді.

Бәсекелестік артықшылықтары: медиация, практикалық психология, трансактілік талдау саласындағы маман; әкімшілік жұмыс тәжірибесі; тренингтер өткізу дағдылары, психологиялық әдістемелер мен тәсілдерді қолдану, психологиялық диагностиканы жүргізу және нәтижелерді өңдеу дағдылары; психологиялық портреттерді жасау; конфликтологиялық дайындықты қалыптастыру бойынша тренингті әзірлеу және оны практикаға сәтті енгізу; пандемия кезінде студенттер мен қызметкерлерге психологиялық қолдау көрсету тәжірибесі, онлайн тренингтер ұйымдастыру және өткізу; "Педагогика және психология" және "Психология" мамандықтары бойынша дәрістерді оқу және практикалық сабақтар өткізу тәжірибесі бар.

Пән 1 ОТБАСЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ПСИХОЛОГИЯСЫ

Курс туралы

Курс педагогтың отбасылық қарым-қатынас саласындағы кәсіби құзыреттілікті жетілдіруге бағытталған. Бұл курстың мазмұны өзінің теориялық-әдістемелік ұстанымдары, заңдылықтары, түсініктік аппараты бар ғылымның бөлігі ретінде отбасылық қарым-қатынас психологиясы туралы білім жүйесін қамтиды. Отбасының даму тенденциялары, девиантты және дәстүрлі емес отбасылық ұйымның формалары қарастырылады, ерлі-зайыптылық және балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасының типтік мәселелері сипатталады.

Оқытушылар:

Демисенова Ш.С - педагогикалық ғылымдарының кандидаты, педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Психология семейной жизни», «Этнопсихология», «Психология и психотерапия семьи», «Работа психолога в организациях», «Практическая психология в системе образования» және басқа да пәндер бойынша бакалаврларға және магистранттарға дәріс, практикалық сабақтады жүргізеді.

Бәсекелестік артықшылықтары: бала-ата-аналық қатынастарын түзету мәселелері бойынша ата-аналармен және балалармен білім беру жүйесінде тәжірибесі бар, білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерімен көп жылдық ынтымақтастық тәжірибесі, әдістемелік жұмыстың үлкен тәжірибесі, білім беру бағдарламаларын әзірлеу саласындағы сарапшы.

Тойымбетова Д.С. - психология кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, "Отбасылық өмір психологиясы", "Білім беру жүйесіндегі психологтың жұмысы", "Психология", "Жас ерекшелік психология", "Тұлғаның психологиялық-педагогикалық диагностика", "Әлеуметтік-психологиялық тренинг әдістемесі" пәндер бойынша дәріс және практикалық сабақтар жүргізеді.

Бәсекелестік артықшылықтары: тренингтер өткізу дағдылары, психологиялық әдістемелер мен тәсілдерді қолдана алу, психологиялық диагностика жүргізу және нәтижелерді өңдеу дағдылары бар; "Отбасы өмір психологиясы", "Әлеуметтік бейімделу тренингі", оқу құралдарының авторы, білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамындағы жұмыс.

Пән 2 ГЕНДЕРЛІК ПСИХОЛОГИЯ

Курс туралы

Курс гендер туралы және ересек жастағы тұлғаның гендерлік ерекшеліктерін дамыту үрдісі туралы жалпы түсінік береді.

Бала тұлғасының интеллектуалдық-танымдық, мотивациялық-қажеттіліктік және эмоциялық-ерік сфераларының оқу іс-әрекетінің нәтижесі мен процесіне гендерлік

ерекшеліктерінің әсерін қарастырады. Оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының гендерлік қатыстылығына байланысты өзара іс-қимыл ерекшеліктерін ашады.

Оқытушылар:

Калиниченко О.В. - педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, психологии магистрі, «Психология и развитие человека», «Гендерная психология» «Психолого-педагогическая диагностика личности» басқа да пәндер бойынша бакалаврларға дәріс, практикалық сабақтады жүргізеді.

Бәсекелестік артықшылықтары: гендерлік психология саласындағы маман, психологиялық диагностика саласында дамыған аналитикалық дағдылары бар; онлайн-тренингтер ұйымдастыру және өткізу; пандемия кезінде студенттер мен қызметкерлерге психологиялық қолдау көрсету тәжірибесі; «Гендерная психология» электрондық оқу құралын әзірлеушісі; академиялық дайындық процесінде студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы маманы; "Педагогика және психология" және "Психология" мамандықтары бойынша дәрістерді оқу және практикалық сабақтар өткізу тәжірибесі бар.

Ахметбекова З. Д., педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, педагогикалық ғылымдарының магистрі – «Психология», «Еңбек психологиясы», «Гендерлік психология», «Community Service», «Этнопсихология» басқа да пәндер бойынша бакалаврларға дәріс, практикалық сабақтады жүргізеді.

Бәсекелестік артықшылықтары: академиялық дайындық процесінде студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы маманы; толеранттылық тренингін әзірлеу және өткізу тәжірибесі; тұлғаның әлеуметтік-психологиялық диагностикасын жүргізу дағдылары бар; тәрбие жұмысын ұйымдастыру; "Өзін-өзі тану" курсының сертификатталған оқытушысы; республикалық және халықаралық конкурстарда студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік ету; "Педагогика және психология" және "Психология" мамандықтары бойынша дәрістерді оқу және практикалық сабақтар өткізу тәжірибесі бар.

Пән 3 ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Курс туралы

"Девиантты мінез-құлық психологиясы" курсының бағдарламасы девиантты мінез-құлықтың биологиялық, әлеуметтік теориялары, психологиялық теорияларын, мінез-құлқындағы бұзушылықтардың пайда болу себептерінің әдіснамалық негіздері мен тәсілдерді қамтиды. Осы курс аясында студенттер аддиктивтік (химиялық заттарға, құмар ойындарға, тамаққа, интернетке, вацап тәуелділік), суицидтік, тоталитарлық діни секталардағы мінез-құлық, делинквенттік девиантты мінез-құлықтың түрлерінің механизмдермен және себептермен таныстырады.

Оқытушылар:

Назмутдинов Р.А. - психологиялық ғылымдарының кандидаты, педагогика және психология кафедрасының доценті, «Психология семейной жизни», «Социальная психология», «Психология управления», «Психология и педагогика социализации личности», «Девиантная психология» басқа да пәндер бойынша бакалаврларға және магистранттарға дәріс, практикалық сабақтады жүргізеді.

Бәсекелестік артықшылықтары: әлеуметтік қатынастар саласындағы зерттеу жұмысының көп жылдық тәжірибесі, девиантты балалармен жұмыс жасау жөніндегі ұйымдармен ынтымақтастықтың үлкен практикалық тәжірибесі, девиантты зерттеулер бойынша ғылыми жұмыстардың авторы.

Пән 4 МЕКТЕП МЕДИАЦИЯСЫ

О курсе

"Мектеп медиациясы" курсы отандық және шетелдік медиацияның қазіргі жағдайы мен негізгі бағыттары туралы, дау-жанжалдың пайда болуының негізгі психологиялық және социологиялық теориялары туралы білім береді, жанжалды тұлғалардың психологиялық ерекшеліктерін ашады, мектеп медиациясы қызметінің маңыздылығы мен құрылымын көрсетеді. Курс барысында студенттер мектеп медиаторының психологиялық құралдарымен танысады және меңгереді, мектеп жанжалдарының алдын-алудың әртүрлі әдістері мен әдістерін және жанжалдарды шешудің әдістерін қолдануды үйренеді.

Оқытушылар:

Бисембаева А.К.- педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, педагогикалық ғылымдарының магистрі, «Практическая психология», «Конфликтология», "Основы школьной медиации" «Психологическое консультирование», «Трансактный анализ» басқа да пәндер бойынша бакалаврларға және магистранттарға дәріс, практикалық сабақтады жүргізеді.

Бәсекелестік артықшылықтары: медиация, практикалық психология, трансактілік талдау саласындағы маман; әкімшілік жұмыс тәжірибесі; тренингтер өткізу дағдылары, психологиялық әдістемелер мен тәсілдерді қолдану, психологиялық диагностиканы жүргізу және нәтижелерді өңдеу дағдылары; психологиялық портреттерді жасау; конфликтологиялық дайындықты қалыптастыру бойынша тренингті әзірлеу және оны практикаға сәтті енгізу; пандемия кезінде студенттер мен қызметкерлерге психологиялық қолдау көрсету тәжірибесі, онлайн тренингтер ұйымдастыру және өткізу; "Педагогика және психология" және "Психология" мамандықтары бойынша дәрістерді оқу және практикалық сабақтар өткізу тәжірибесі бар.